

**«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК –нің 05.01.2023. жыл
№3 кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының
көшірмесінен үзінді**

Күні: 5 қаңтар, 2023 жыл

Қатысқаны: 10 адам.

Кеңес төрайымы: Г.Б.Куркембаева

Хатшы: Шоқпарова Ж.О.

Күн тәртібінде:

1. «Қарлығаш» бөбекжай- балабақшасын өзін –өзі бағалау жұмысының қорытындысы.

Тыңдалды:

Менгеруші м.а: Өзін-өзі аттестаттау комиссиясының төрайымы Г.Б.Куркембаева:

Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 15.11.2022 жылдың №17-12-04-6 /1794 және Темір аудандық білім бөлімінің 16.11.2022 жылғы № 2914 қатынас хатының негізінде «Қарлығаш» бөбекжай- балабақшасында өзін –өзі бағалау өткізілді.

Балабақша 2010 жылдан бастап жұмыс жасап келеді.МДҰ 1 қабатты ғимаратта орналасқан,қуаттылығы 75 орындық. «Қарлығаш» МДҰ өз жұмысын №К-90 бұйрығымен 2021 жылғы 9 шілдедегі қайта тіркеуден өткен Жарғыны басшылыққа ала отырып жасайды.Мектепке дейінгі білім беру саласында серия АБ №0156315-14.03.2011 қызметтік жүргізу құқығы берілген,мерзімі шектелмеген.Оқу жоспары білім бөлімімен бекітілген. Оқу-тәрбие процесінде барлық жұмыс түрлері бір-бірімен байланысты,бір жүйеде құрылған.Әдістемелік кабинеттің оқу-тәрбие материалдары,құрал-жабдықтары педагогикалық талаптарға сай жинақталған.Әдіскердің жұмыс жоспарының әдістемелік мазмұны жақсы.Ата-аналармен,тәрбиешілермен жұмыс жүйелі.

Сөз сөйлегендер:

Жұбанова Г: «Қарлығаш» МДҰ топтарының іс-қағаздары тексеріліп,топтардың жалпы жағдайы,құрал-жабдықтар т.б. қаралды.Тәрбиешілердің оқу іс-әрекеттеріне қатыстым. Берілген талдау және бағалау нормалары бойынша жүргізіліп,топ тәрбиешілері туралы мәліметтер толтырылды.Топтарда баланың білім мен тәрбие алуы үшін жағдай жасалған. Барлық топтарды пәндік-дамытушы орта жабдықталған.

Болатбаева С.:Топтағы балалар жас ерекшеліктеріне сай топтастырылған.Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мен қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған.Оқу-тәрбие жұмысы,оқу жүктемесі,күн тәртібі барлық топтарда бағдарламаға сәйкес құрылған. Педагогтардың құжаттары талапқа сай жинақталған.

Жубангарина А: Топтағы санитарлық –гигиеналық жағдайлар талаптарға сай.Мекеме ұйымының шаруашылық алаңында 2 контейнер орналасқан.Мекеме үнемі дезинфекцияланып тұрады.Балабақшадағы медбике кабинеті талаптарға сай жабдықталған.Лицензиясы бар.Алғашқы көмекке қажетті дәрі-дәрмектер жиынтығы бар және дәрілердің пайдалану мерзімі сақталған.Медициналық құжаттар толық және талапқа сай жүргізілген.

Куркембаева Г.Б.: Балабақшаның әлеуметтік желіде парақшалары бар,балабақша сайты ашылды. Эл. поштасы:info@karlygash-temir.edu.kz ,Веб- сайты: <https://karlygash-temir.edu.kz/> ,Инстаграмм парақшасы: karlygashbalabakshasy

«Қарлығаш» бөбекжай-балабақшасының 2020-2021,2021-2022 оқу жылдары мен ағымдағы жылда жасалған жұмыстар балабақшаның Веб-сайтында: <https://karlygash-temir.edu.kz/> жарияланады.